



«Академик Қ.Сәтбаев атындағы
Екібастұз инженерлік-техникалық
институты» мекемесі

Сапа менеджменті жүйесі

Академик Қ.Сәтбаев
атындағы ЕИТИ-ға оқуға
қабылдау ережелері

Өзгерістер № _____
Күні _____
Дана _____



БЕКІТЕМІН

Академик Қ.Сәтбаев

атындағы ЕИТИ ректоры

Сиваракша Д.М.

28 мамыр 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕЛЕР

АКАДЕМИК Қ.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЕИТИ-ҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

Алғы сөз

1 Кәсіптік бағдар беру және студенттерді қабылдау орталығымен ӘЗІРЛЕНГЕН

2 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен ЕНГІЗІЛГЕН

3 ӘЗІРЛЕУШІ:

Б.А.Умарова – Академик Қ.Сәтбаев ЕИТИ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

4 Институт Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы «28» мамырдағы № 10 шешімі негізінде ректор БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН

5 САРАПШЫЛАР:

- 1) Т.В.Дибә – сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесінің басқару қызметінің басшысы;
- 2) Д.К.Имангазина – оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- 3) Л.В.Кульбидюк – «Оқу бөлімінің» бастығы.

6 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН

Осы Ережені «Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

© Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз
инженерлік-техникалық институты, 2025

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	4
4 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі	5
5 Өңгімелесу өткізу тәртібі	7
6 Институт студенттерінің қатарына қабылдау	8
Құжатқа өзгерістер, толықтырулар мен тексерулерді тіркеу парағы	13

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

1 Қолдану саласы

Осы оқуға Қабылдау ережелері (бұдан әрі - Ережелер) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы «Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М (бұдан әрі - Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ студенттік контингентін қалыптастыру республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқытуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

- Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

- «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы;

- «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 01.04.2019 жылғы № 134 бұйрығы;

- «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Білім беру бағдарламасы - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

Білім беру гранты – «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

3.1 Белгілер

ҰБТ - ұлттық бірыңғай тестілеу;
ЖОО - жоғары оқу орны.

4 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

4.1 Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-да (бұдан әрі - Институт) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

4.2 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру және (немесе) ақылы оқуға қабылдау конкурсына қатысу үшін ҰБТ-дан өткен және оқуды қысқартылған мерзімдерді көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және ҰБТ-ның нәтижелері бойынша адамдар жіберіледі:

– ұлттық ЖЖООББҰ-ға – кемінде 65 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша - кемінде 50 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша - кемінде 75 балл;

– басқа ЖЖООББҰ-ға түсу – кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша – кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл.

Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл жинаған және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша тұлғалар жіберіледі - кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ және (немесе) шығармашылық емтиханның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста ҰБТ-дан электрондық форматта өткен кезде оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатысады.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға қолданылмайды.

4.3 Институтқа түсу үшін өту балы 50 құрайды. Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні бойынша кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы және Математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет.

4.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін институтқа қабылдау, ақылы оқуға түсушілерді Институттың қабылдау комиссиясы «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 01.04.2019 жылғы № 134 бұйрығына сәйкес әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар адамдарды институтқа қабылдауды Институттың қабылдау комиссиясы әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды Институтта оқытудың ұзақтығы формальды оқытудың бұрын қол жеткізілген нәтижелерін тану ескеріле отырып айқындалады. Білім алушының жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) бүкіл оқу кезеңіне Институттың бітіруші кафедралары қалыптастырады.

4.5 Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ЖЖООББҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.6 Шетелдік азаматтарды ақылы негізде ЖЖООББҰ-ға оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Институттың білім беру бағдарламаларына түсетін адамдарды қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификаттың балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының сайтында түпнұсқалығын растайтын QR-кодпен (бұдан әрі - сертификат) электрондық сертификат бойынша жүзеге асырылады.

4.7 Институтта ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ректор, проректорлар, ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және профессорлық-оқытушылық құрамының басшылары кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. ЖЖООББҰ басшысы Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

5 Әңгімелесу өткізу тәртібі

5.1 Институттың білім беру бағдарламаларына қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар адамдарды, шетел азаматтарын, сондай-ақ ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады.

Әңгімелесу өткізу үшін Институт ректорының бұйрығымен комиссия құрылады, оның құрамына қабылдау комиссиясының төрағасы және бітіруші кафедралардың меңгерушілері кіреді.

Әңгімелесуге қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны өткізу 01 маусым мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

5.2 Әңгімелесуді комиссия өтініштердің түсуіне қарай (бейне-конференц-байланыс өткізуге арналған тиісті платформаларды қолдана отырып, онлайн-режимде) жүргізеді.

Оқуға түсушілермен әңгімелесу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

- оқуға түсушімен келесі сипаттағы мәселелер бойынша әңгімелесуді көздейтін ауызша әңгімелесу: жұмыс орны, лауазымы, таңдалған оқыту бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі, тілдерді білу, оқу мақсаты;

- комиссия шешімі (ұсынылады / ұсынылмайды).

Әңгімелесу қорытындысы бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Комиссия жұмысы әңгімелесу хаттамасымен ресімделеді, оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Хаттама әрбір түсушіге жеке ресімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

6 Институт студенттерінің қатарына қабылдау

6.1 ЖЖООББҰ-ға қабылдау үшін қызметті алушылар ЖЖООББҰ-ға (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) ЖЖООББҰ қабылдау комиссиясы арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына [3-қосымшаға](#) сәйкес «Құжаттарды қабылдау және жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау» (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізімі), мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар).

Үдерістің сипаттамаларын, қызмет көрсетудің нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Институттың қабылдау комиссиясының қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не қызметті алушы топтаманы толық ұсынбаған жағдайда не қолданылу мерзімі өткен құжаттар болса, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

6.2 Портал арқылы жүгінген жағдайда қызметті алушыға «жеке кабинетке» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Институттың қабылдау комиссиясының қызметкері олар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы «Жеке кабинетке» жіберіледі.

Қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда Институттың қабылдау комиссиясының қызметкері Институтқа қабылдау

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны алғаннан кейін қызметті алушы қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығындағы мерзімдерде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Институт басшысы қызметті алушыны студенттер қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Институт Негізгі талаптар тізімінің 9 тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Институт «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңның 5 бабы 2 тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Ережелерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және қызметті берушіге олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберуді қамтамасыз етеді.

6.3 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25 бабының 2 тармағына сәйкес қызметті берушінің атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

6.4 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде Институтқа түсуші студенттер қатарына қабылдауды ЖЖООББҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында қазақ немесе орыс тілдерінде оқу үшін институт ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізеді.

6.5 Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, осы Үлгілік қағидалардың 4 тармағында белгіленген шекті балды (ҰБТ нәтижелері бойынша) жинамаған, бейіндік пәндердің сәйкес келмейтін комбинациялары бар ҰБТ нәтижелері бар, нәтижелері жойылған адамдар Институтқа күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады.

Институтта бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін аталған тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі - № 204 бұйрық) сәйкес белгіленген мерзімде қайта тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың 4 тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша институттан шығарылуға жатады.

6.6 Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу тиісті БББТ институтынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Мемлекеттік грант негізінде түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеу туралы шарт жасасады.

6.7 Ағымдағы жылғы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, № 204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және осы Үлгілік қағидалардың 4 тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар Институт басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғанға дейін Институтқа қабылдау туралы өтінішті береді.

Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының 11 (12) бітіруші сыныптарының білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 ақпаны мен 25 тамызы аралығында жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін Институт басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Институтқа қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін оқуға түсушілер осы қағидалардың 6.9 тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

6.8 Шекті балл жинаған адамдар ҰБТ нәтижелері бойынша Үлгілік қағидалардың 5 тармағында көзделген Институт басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Институтқа қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты, уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Үлгілік қағидалардың 15, 33, 36, 37 тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық емес тізімін ұсынған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

6.9 Институтқа қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары және тіл бөлімдері бойынша бөлек жүргізіледі.

Институттың жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін құжаттар тізімі:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 2 фотосурет;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-у нысаны бойынша медициналық анықтаманы электрондық немесе қағаз жеткізгіште алуға құқылы.

5) ҰТО базасында талапкердің жеке кабинетінен ҰБТ электрондық сертификаты;

6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (ол болған кезде).

7) басым құқықты / квотаны растайтын құжаттардың көшірмелері (мемлекеттік грант иегерлері үшін);

8) егу паспортының 063 нысаны (күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түсушілер үшін);

9) ақылы негізде оқуға түсушілер үшін оқу ақысы туралы түбіртектің көшірмесі;

10) әскерге шақыру жасындағы жасөспірімдерге арналған тіркеу куәлігінің көшірмесі;

11) тез тігіндегіш, 1 файл.

6.10 Оқуға түсушілер екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін рәсімдеген жағдайда, оқуға түсуші қарауда болған құжаттардың болуы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде институт студенттерінің қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметтерін көрсету шартында белгіленген және азамат оқуға қабылданғанға дейін төлеуге жататын соманы төлеу бойынша білім беру кредитін рәсімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзім беріледі.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-ға оқуға қабылдау ережелері»	

6.11 Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

6.12 Институт оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ҚР ҒжЖБМ КВПО-ға студенттерді институтқа қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.

